

FTAMP 03.09.25

<https://doi.org/10.26577/JH.2024.v115.i4.a5>**Қ.Т. Жұмағұлов , Н.М. Абдукадыров* **Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Алматы қ., Қазақстан
*e-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru**МӘМЛҮК СҰЛТАНДЫҒЫНЫҢ
ИТАЛЬЯН МЕМЛЕКЕТТЕРІМЕН БАЙЛАНЫСТАРЫ
(ИТАЛЬЯН ДЕРЕКТЕРІ БОЙЫНША)**

Орта ғасырларда Мәмлүк сұлтандығы Шығыстағы ең негізгі ортағасырлық мұсылман мемлекеттерінің бірі болды. Мәмлүк сұлтандығы құрылуынан бастап, сыртқы елдермен әр түрлі салада байланысқа түсе бастады. Өзінің өмір сүрген кезеңінде бұл мемлекет еуропалық мемлекеттер, оны ішінде итальян мемлекеттерімен байланыстар орнатты. XIII-XVI ғасырлар аралығында итальян республикаларымен орнатылған байланыстар сол заманда Еуропадағы халықаралық қатынастар жүйесінің бір тармағына айналды. Ғылыми мақалада, итальян материалдары бойынша Мәмлүк сұлтандығы мен итальян мемлекеттерінің арасындағы саяси байланыстар тарихы қарастырылады. Италиян республикалары мен Мәмлүк сұлтандығы арасындағы сауда қатынастарының негізінде дамыған өзара елшілік байланыстарға ғылыми талдау жасалады. Италияндар мен мәмлүктердің елшілік және саяси байланыстарына ортағасырлық дипломатияның бір бағыты ретінде баға беріледі. Елшілік байланыстар мен халықаралық қатынастардағы өзара ықпалдас болған Венеция, Флоренция және Арагон республикаларының Мәмлүк сұлтандығымен орнаған байланыстарының тарихы итальян материалдары негізінде көрсетіледі. Сонымен қатар мәмлүктердің итальяндарға қатысты саяси ұстанымдары мен сыртқы байланыстардың негізгі бағыттары қарастырылады.

Түйін сөздер: Италиян материалдары, Мәмлүк сұлтандығы, Италиян мемлекеттері, Сауда, Елшілік, Саяси байланыстар.

K. Zhumagulov, N. Abdukadyrov*

Al-Farabi Kazakh National University. Almaty, Kazakhstan
*e-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru**Relations of the Mamluk sultanate
with the italian states (based on italian sources)**

In the Middle Ages, the Mamluk Sultanate was one of the main medieval Muslim states in the East. From the moment the Mamluk Sultanate was established, it began to maintain contacts with foreign countries in various fields. During its existence, the Mamluks established relations with European states, including the Italian republics. In the 13th-16th centuries, the relations established with the Italian states became a branch of the international relations system in Europe at that time. The scientific article examines the history of political relations between the Mamluk Sultanate and the Italian states. A scientific analysis of diplomatic relations that developed on the basis of trade relations between the Italian republics and the Mamluk Sultanate is carried out. Diplomatic and political relations between the Italians and the Mamluks are assessed as a direction of medieval diplomacy. Based on Italian materials, the history of relations between the Venetian, Florentine and other Italian republics, which were interconnected by diplomatic and international relations, with the Mamluk Sultanate is presented. At the same time, the political position of the Mamluks in relation to the Italians and the main directions of foreign relations are considered.

Key words: Mamluk Sultanate, Italian states, trade, embassy, political relations, Italian materials.

Қ.Т. Жұмағұлов, Н.М. Абдукадыров*

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан
*e-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru**Взаимоотношения Мамлюкского султаната
с итальянскими государствами (по итальянским источникам)**

В средние века Мамлюкский султанат был одним из основных средневековых мусульманских государств на Востоке. С момента создания Мамлюкского султаната он начал поддерживать контакты с зарубежными странами в различных областях. За время своего существования мамлюки

установило отношения с европейскими государствами, в том числе с итальянскими республиками. В XIII-XVI веках связи, установившиеся с итальянскими государствами, стали ветвью системы международных отношений в Европе того времени. В научной статье рассматривается история политических отношений Мамлюкского султаната с итальянскими государствами. Проведен научный анализ дипломатических отношений, сложившихся на основе торговых отношений между итальянскими республиками и Мамлюкским султанатом. Дипломатические и политические отношения между итальянцами и мамлюками оцениваются как направление средневековой дипломатии. На основе итальянских материалов представлена история взаимоотношений Венецианской, Флорентийской и других итальянских республик, которые были взаимосвязаны дипломатическими и международными отношениями, с Мамлюкским султанатом. При этом рассматривается политическая позиция мамлюков по отношению к итальянцам и основные направления внешних связей.

Ключевые слова: Мамлюкский султанат, итальянские государства, торговля, посольство, политические отношения, итальянские материалы.

Кіріспе

Дамыған орта ғасырларда Батыс пен Шығыс елдері арасында өзара байланыстың келесі бір сатысына шыққан кезеңі болды. Бұл кезеңде бір жағынан халықтар мен мемлекеттер арасында өзара тартыстар мен соғыстар болып жатса, келесі бір жағынан өзара байланыстар орын алды. Бұған ықпал еткен негізгі факторлардың қатарында Батыста Қайта өрлеу дәуірінің басталуы мен Шығыста Монғол империясының орнында құрылған ортағасырлық мемлекеттердің өз бетінше дамуы болды. Бұл дегеніміз – Батыс пен Шығыс халықтары бір-бірін жаңадан немесе қайта тани бастады деген сөз. Адамзат баласы бір-бірін тану үшін қаншама осы секілді процестерді басынан кешірді. Ол әлемдік тарихта Ұлы географиялық ашулар, Батыс саяхатшыларының Шығысты «игеруі» және осы іспеттес аса ауқымды процестер болды.

Өзге әлемді игеруге тырысқан Батыс елдерінің ішінде ортағасырлық итальян мемлекеттері белсенді болды. Өздерінің шағын ғана мемлекет сипатында болғанына қарамастан, өте алыс аймақтардағы аса ірі мемлекеттер мен халықтардың «тыныс-тіршілігімен» танысты. Ол үшін түрлі салада байланыстар орнатты. Байланыстардың ең негізгі салалары сауда-саттық, елшілік және діни байланыстармен сипатталды. Ортағасырлық итальян мемлекеттерінің Шығыс елдерімен орнатқан байланыстарының бір тармағы Мәмлүк сұлтандығы болды. Қазіргі кезде шетелдік және отандық ғылымда Мәмлүк сұлтандығының тарихы жан-жақты зерттеліп жатқан тақырыптардың бірі болып отыр. Бүгінгі тақырып оның сыртқы саяси өмірімен байланысты тарихты толықтырады.

Қай кезеңде болмасын, әлем тарихын зерттеуде орта ғасырлардағы итальян республика-

лары мен Шығыс елдерінің арасындағы байланыстарға қатысты мәселелер өзінің өзектілігін жоймаған. Мұның себептері негізінен уақыт ағымына байланысты тарихи көзқарастар мен ғылыми концепциялардың өзгеруімен сипатталады. Сондай-ақ, болып өткен тарихты жаңа материалдардың негізінде қарастырып мәселені басқа да қырынан толықтыру қажет. Солардың бірі ретінде итальян теңіз республикалары мен Мәмлүк мемлекетінің сауда қатынастары мен өзара елшілік қарым-қатынастарын тек мемлекетаралық байланыстар ғана емес, сонымен қатар екі құрлықтың арасын байланыстырған тарихи факторлар және ең маңыздысы ортағасырлық дипломатияның бір бағыты деп көрсетуге болады. Орта ғасырларда халықаралық дипломатияның да өзіндік орны болғанын сипаттай отырып, қазіргі кездегі зерттеушілер, оны тіпті ортағасырлық Шығыс пен Батыстың өзіндік ортақ кілті деп атап жүр. Көбінесе батыстық зерттеушілер орта ғасырларда халықаралық дипломатияның өзіне тән белгілерінің болғанына көз жеткізе отырып, оның сол кездегі мемлекетаралық байланыстың негізгі кілті болғанын көрсетеді.

Материалдар мен әдістер

Мәмлүк сұлтандығының сыртқы саясаты мен оның итальяндармен байланыстар тарихы өз кезегінде бірқатар ғылыми материалдарды қажет етеді және сонымен қатар, олармен тыңғылықты жұмыс істеуді талап етеді. Кез-келген ғылыми жұмыста орын алатындай, бұл мәселеде де мәмлүктерге және итальяндарға қатысты әр түрлі деңгейдегі материалдар деректік негізге алынды. Қазіргі кезде бұрынғы Латын мемлекеттері қатарында саналған Венеция, Генуя, Пиза, Флоренция, Рагуса архивтерінде Мәмлүк сұлтандығының осы және басқа да сырт елдер-

мен байланыстары жөнінде құжаттар сақталған. Оның ішінде әр түрлі жазбалар, шығармалар, кітаптар және басқа да деректік-материалдық құндылығы бар мәліметтер болып, олардың көшірмелері зерттеу жұмысында қолданысқа енді. Деректердің негізгі бөлігі Венеция архиві мен кітапханасында сақталып, кейіннен тарихшылар тарапынан жарыққа шыққан әр түрлі тілдердегі материалдардың көшірмелерінен алынды.

Мұндай жұмыстармен итальян ғалымдары көптеп айналысып, олар үшін архивтер мен кітапханалардың сирек қорларынан материал алуға рұқсат етілген. Италияда Мария Педани, Алессандро Риццо сынды тарихшылар осы саладағы құжаттарды зерттеумен және аударумен айналысқан (Pedani, 2002: 135-140). Олар Мәмлүк сұлтандығы мен Венеция арасындағы дипломатиялық және сауда байланыстары тақырыбын мұрағат құжаттары негізінде дамытуда. Сонымен қатар, Мәмлүк сұлтандығының Венеция, Генуя, Флоренция республикаларымен сауда байланыстары мен елшілік және дипломатиялық қарым-қатынастарына қатысты құжаттар жинағын жинақтаған (Bauden, 2003:150-155). Зерттеу жұмысында олар қолданысқа тартылды. Деректік құндылығы әр түрлі болған материалдарды салыстыру бірқатар жағдайларда Мәмлүк мемлекетінің сыртқы саясаты мен әлеуметтік өмірінің маңызды аспектілерін анықтауға мол мүмкіндік берді.

Ғылыми жұмыстың теориялық және методологиялық негізін қазіргі кезде ғылымда болып жатқан өзгерістер мен дамулар және жаңа тұжырымдамалар құрайды. Зерттеудің объектісі көрсетіп отырғандай, мәмлүктердің сыртқы саясатын, оның итальян мемлекеттерімен байланыстарын сол заманғы халықаралық дипломатия мен ортағасырлық тарихи процестің бір бөлігі ретінде тұжырымдалды. Ғылыми жұмыста негізге алынған теориялық және методологиялық ғылыми ережелер мен тұжырымдамалар Мәмлүк сұлтандығы мен оның итальяндық мемлекеттермен өзара ықпалдасу мен әрекеттесудің ортағасырлық тарихи бет-бейнесін жасауға көмектесті.

Жұмыстың теориялық және методологиялық негізін батыс ғылымы мен шығыс теоретиктерінің тұжырымдарына негіздеп және ішанаң салыстыра отырып зерттеу маңызды саналады. Өйткені XIII-XVI ғасырлардағы Мәмлүк мемлекеті мен итальян мемлекеттерінің арасында орын алған өзара саяси процестерді ғылыми негізде сипаттауда жан-жақты көзқарас қалыптасқан. Бұл тақырыптағы зерттеу жұмыстарында,

яғни ортағасырлық мемлекеттердің өзара байланыстар тарихын зерттеулерде қазіргі уақытта кешенді методология жасалуда. Мұның басты себептерінің бірі бір-бірімен өзара байланысқа түскен ортағасырлық Шығыс елдері мен еуропалық мемлекеттердің қоғамдық дамуы және өркениеті бір-бірімен үйлеспейді. Бұл әрине тарихты формациялық, өркениеттік теориялардан тыс жаңа концепциялар мен теорияны талап етеді. Осы орайда, Мәмлүк мемлекеті мен итальян елдері арасындағы байланыстар аталған мәселеге қатысты ғылыми білім мен зерттеуді дамытудың қажеттігін көрсетеді.

Зерттеу тақырыбы мәмлүктер мен итальяндықтар арасында болған саяси байланыстар мен сауда қатынастарын талқылауда тарих ғылымының дәстүрлі әдістері мен принциптеріне сүйенді және жаңарған заманауи пәнаралық әдістерді басшылыққа ала отырып, соның негізінде тиісті ғылыми жұмыстар жүргізілді. Ой-тұжырымды нақтылау үшін дәстүрлі әдістердің тиімді болуының бір айғағы – ортағасырлық қоғам мен батыс әлемінің тарихына салыстырмалы талдау жасауға негіз болды. Жаманауи жаңарған пәнаралық әдістер Мәмлүк сұлтандығының, итальян елдерімен саяси байланысы мен ынтымақтастығын зерттеуге көмектесті және сонымен бірге араб-мұсылман әлемі мен католиктік христиан халықтарының арасында өзара диалогтың болғанын зерделеуге септігін тигізді.

Талқылау

Зерттеу тақырыбына қатысты зерттеулер негізінен шетелдік тарихнамада қарастырылып, ол бойынша тікелей және жанама зерттеулер жүргізілген. Зерттеу тақырыбы бойынша негізінен итальян тарихшылары көптеген мәселелер көтерген. Олардың қатарында Алессандро Риццо, Патриция Мели сынды тарихшылардың еңбектері құнды саналады. Мәмлүк сұлтандығының сыртқы саясаты мен дипломатиясы бойынша ауқымды жұмыстар жүргізген тарихшы, арабист Алессандро Риццо мәмлүктердің флоренциялықтармен байланыстарына қатысты ғылыми еңбек жариялаған (Rizzo, 2021b: 235-236). Зерттеуші Алессандро Риццо флоренциялықтардың арабтармен байланыстарына тоқтап, соның ішінде олардың мәмлүктермен байланыстары бойынша мәселелерін қарастырған (Meli, 2009:243-245).

Сонымен қатар, бұл тақырып басқа да еуропалық ғалымдардың назарын аударған. Бұл тақырып аясында олардың ғылыми еңбектері

жарияланған. Еуропалық тарихшылар арасынан араб-мұсылман әлемінің тарихымен айналысушы ғалымдар түрлі зерттеулер жүргізген. Олардың қатарында голландиялық тарихшы Малика Деккиченің зерттеулері ерекше құнды саналады. Тарихшы ортағасырлық араб елдерінің дипломатиясын зертеумен айналысып, мәмлүктердің де сыртқы саясатына тоқталған (Dekkiye, 2023:136-140). Ағылшын тілді тарихшылардың да еңбектері жарияланды. Олардың ең негізгі ретінде Петер Голттың кітабы болып, онда Мәмлүк сұлтандығының құрылған кезеңі мен түркі тайпаларынан шыққан Бахриттер әулетінің басқарған кезеңіндегі сұлтандықтың сыртқы саясаты туралы қарастырған. Сонымен бірге сұлтандықтың Бейбарыс сұлтан басқарған тұсындағы сыртқы саясаты зерделенген және италиян елдерімен әр түрлі қарым-қатынастары туралы мәліметтер қамтылған (Peter Holt., 1995:8-12).

Зерттеу тақырыбы бойынша американдық мектебінің өкілдері де ғылыми жұмыстар жүргізді. Американдық ғалымдардың Ислам және араб әлемінің тарихын зерттеушілер бұл мәселеге терең барды. Олардың арасынан негізгі ғылыми объект ретінде Мәмлүк сұлтандығын алып, сол бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдар да болды. Олардың ішінде Джон Уансбро, Регис университетінің профессоры Глэдис Франц-Мерфи сынды зерттеушілердің еңбектері мазмұнды болып саналады (Gladys, 2019:745-747). Американдық тарихшылар өз еңбектерін Мәмлүк және араб әлемімен байланыстырып, сонымен қатар, мәмлүктердің сыртқы саясатына да баса назар аударды (Wansbrough, 1963:505-510).

Тақырыпқа қатысты ғылыми мәселелер ресейлік және посткеңестік елдердің тарихшылары тарапынан да қозғалды. Бұл тақырып бойынша алғашқыда кеңестік тарихшылардың зерттеулерінде орын алып, алайда ол таптық көзқараста жазылды. Мәмлүк сұлтандығының сыртқы саясаты туралы С.В. Близнюктің зерттеулерінде ішінара берілген (Близнюк, 2007:210-215). Келесі кезекте беларус ғалымы А.А. Филипповтың ғылыми монографиясында тақырыпқа қатысты пікірлер мен тұжырымдар қамтылған. Оның ғылыми еңбегі жалпы Мәмлүк сұлтандығының алғашқы құрылуымен сипатталып, оның мазмұнында сұлтандықтың сыртқы саясатына қарасты мәселелер де қарастырылған (Филиппов, 2021:254).

Нәтижелер

Мәмлүк сұлтандығының Флоренция және Рим (Папа) аймағымен байланыстары

Мәмлүк мемлекетінің италиян мемлекеттерімен байланыстар орнатқан елдердің бір Флоренция болды. Флоренциялықтар өзімен іргелес жатқан пизалықтарды жеңген соң оларға енді солтүстік Италияда аса ірі бақталас болатындай ел қалмады. Кей әдебиеттерде флоренциялықтар бұрынғы пизалықтар деп аталады. Тосканалық көпестер ғасырлар бойына Жерорта теңізінің жағалауындағы елдермен сауда-саттық байланыстарын жүргізді. Дегенмен де пизалықтар Флоренцияның дербес және жеке мемлекет болуына ұзақ уақыт кері ықпал етті. Тек тосканалықтар мен пизалықтардың арасында ішінара болған соғыс қимылдарынан кейін Флоренция билігі сыртқы қарым-қатынастар саласында дербес әрекет етті. Соның бір бағыты Мәмлүк сұлтандығына қарай бағытталды.

Жалпы, Флоренция Мәмлүк мемлекетінің дипломатиясында салыстырмалы түрде алғанда кеш пайда болды және бұл қарым-қатынастар туралы мәліметтер өте сирек. XIV ғасырда Мәмлүк сұлтандығының сауда желісінде Пизаның қатысуы төмендегеннен кейін оның позициясын оның бақталасы және жаулап алушысы болған Флоренция алды. Жалпы, ең алғашқы байланыстар сауда қатынастарымен сипатталады. XIV ғасырдың аяғында Александрияда жүннен жасалған тоқыма бұйымдарын экспорттайтын флоренциялық сауда қауымдастығы құрылғаны туралы мәлімет бар. 1422 жылы Флоренция Республикасы мен мәмлүк сұлтаны Барсбей арасында сауда келісімі жасалды. Сұлтан аль-Ашраф Сайф ад-Дин Барсбей (1422-1438) тұсында флоренциялықтар мен мәмлүктердің байланыстары келесі бір сатыға көтерілді (Rizzo, 2017:268-274).

Аталған факторлар бойынша Флоренцияда Мемлекеттік архив пен Медичи Лаурентиан кітапханасында сақталған деректі материалдар арасынан Мәмлүк сұлтандығы мен Флоренция Республикасы арасындағы әр түрлі байланыстар бойынша көптеген мәліметтерге қол жеткізуге болады. Бұл кезеңде Еуропа мен Сирияны мәмлүктер басқарып, олар негізінен қыпшақ тайпаларынан сайланып отырды. Жалпы, тосканалық көпестер Мысыр мен Сирияға және Жерорта теңізі жағалауындағы басқа да аймақтарға барып сауда жасады. Дегенмен, XV ғасырға дейін

флоренциялықтар теңізді жақсы жүзіп, сыртқы сауданы жақсы жүргізуге бейім болғанымен, олардың Мәмлүк жерінде ешбір сауда инфрақұрылымы болмады және сондықтан олар басқа да қуатты мемлекеттердің көмегіне арқа сүйеді.

Атап отырғанымыздай, тек XV ғасырдың басында ғана Флоренция Мәмлүк сұлтандығымен тікелей байланысқа түсе алды және сұлтанға арнайы адамдар жіберілді. Оның басты мысалы, 1422 жылы Пиза портынан арнайы кеме жасақталып, онда кемені бастаған Карло Федериги және Феличе Бранкаччи есімді алғашқы ресми елшілер Каирге аттанды және оларға мәмлүктермен дипломатиялық байланыс орнату туралы арнайы тапсырма берілді. Флоренция саудагерлері ондаған жылдар бойы Мысыр мен Сирияның негізгі сауда орталықтарын аралап, басқа батыс қауымдастықтарының жұмыстарына таңданыс білдіріп, оларды ерекше эмоциямен қарсы алды. 1422 жылы портты (Порто-Пизано) иемденіп, өзінің жеке сауда флотын құрған (Rizzo, 2021c:840). Флоренциялықтар Мәмлүк сұлтандығымен дипломатиялық қатынас орнатуға шешім қабылдады.

Мұндағы ең маңызды айтылатын тақырып Флоренция өзін Пиза елінің мұрагері ретінде сипатталды және өзінің ең басты бақталасы ретінде Венецияны көрсетті. Елшілердің миссиясы өте сәтті болды. Соның негізінде алғаш рет мемлекетаралық сауда және елшілік байланыстар орнатып, ол 1517 жылы Мәмлүк сұлтандығы құлағанға дейін жалғасын тапты.

Атап отырғанымыздай, Флоренцияның кітапханалары мен архивтерінде сақталған мәмлүктер туралы түпнұсқалық құжаттары мәмлүк мемлекетінің сыртқы өмірі мен олардың итальяндармен байланыстарын зерттеуде үлкен тарихи мәнге ие. Олар өте сирек сақталған түпнұсқа мәтіндердің бірі болып табылады. Сондықтан, ортағасырлық дипломатиялық зерттеулері саласында маңызы өте жоғары. Флоренцияда сақталған мәмлүктердің сыртқы саясатына және Флоренциямен байланыстарына қатысты материалдар сауда мәселелері бойынша кең мәліметтер береді (Rizzo, 2021a:7).

Жиырма жылдан кейін, 1444 жылы Флоренция билігі Александрияға тұрақты түрде сауда кемелерін жіберу жайлы арнайы бастама көтерді. Бұл кезде сауда саласында бақталастық жоғары болып, ол үшін басқа еуропалық елдермен, атап айтқанда Венециямен бірдей сауда артықшылықтарын беруді сұрады. Мұндағы басты мәселе Венецияның Александрия портында фондақоға (өкілеттілік сарай) ие болу еді. Флоренция

осы сияқты Мәмлүк мемлекетінде Венециямен бірдей мәртебеге ие болуын қалады. Флоренциялықтардың Осыдан кейін көп ұзамай флоренциялық консул Александрияға қоныстанды, бірақ онда флоренциялық фондақо бар екендігі туралы ешқандай дәлел жоқ.

Алайда, Флоренция осы өзі сұраған барлық артықшылықтарды мәмлүктерден бірден ала алмады. Себебі, бұл кезеңде Мәмлүк сұлтандығы басқа елдермен ауқымды қатынастар жүргізгендіктен, Флоренцияға мойын бұру мүмкін болмады. Бұл кезде мәмлүк сұлтаны әл-Ашраф Каитбей билік құрып, (1468-1496) Мәмлүк мемлекеті Шығыстағы қуатты елдердің біріне айналған еді. Флоренциялықтар мәмлүктерді назардан тыс қалдырмай әрқашан онымен байланысты қайта тіктеуге тырысты. 1470 жылдардың аяғы мен 1480 жылдардың басында Флоренция билеушісі болған Лоренцо де Медичи тұсында флоренциялықтар бұрынғы келісімдерге қосымша баптары бар сауда келісін жасау үшін әл-Ашраф Каитбей сарайына елші жөнелтті. Елшілер қабылданып, тиісті шешімдер қабылданды. Алайда, жауап ретінде жіберілетін елшілік біраз уақытқа кешікті. Сұлтан әл-Ашраф Каитбей Лоренцоға арнайы елші жібергенге дейін айтарлықтай уақыт өтті. Мәмлүктерден 1487 жылы қарашада Флоренцияға сауда артықшылықтарын беру үшін өкілдер келді және ол Лоренцо тарапынан қарсы алынды (Doris Behrens-Abouseif, 2014: 112-113).

Рим жылнамалары материалдары мәмлүк елшісінің дипломатиялық миссиясы туралы қызықты мәліметтер жинауға мүмкіндік берді (Oliva, 2018: 48-50). Соның ішінде кейбір римдік жылнамалар 1487 жылы Флоренцияға, содан кейін Римге жіберілген мәмлүк шешені Мұхаммед ибн Махфуздың дипломатиялық миссиясы, сондай-ақ Рим Папасы Иннокентий VIII елшісі Филиппо Каноничидің елшілігі туралы қызықты мәліметтерді жинауға мүмкіндік берді. Италиян деректерінде Малфот деген атпен белгілі болған Махфузды мәмлүк сұлтанының жоғары сеніміне лайық адам болған деп болжауға болады. Ұлы Лоренцомен талқылауды қажет ететін мәселелердің қатарында сауда келісімдерін ратификациялау болды. Елші 1489 жылы Александрия мен Каирге әл-Ашраф Каитбей сұлтанға жіберілді (Brizzi, 1975:166-167).

Осы тұста мәмлүктер мен флоренциялықтар арасындағы 1487 жылғы байланысқа қайта оралсақ, бұл кезеңде тараптар арасында сый-сияпат көрсету байланыстың ең жоғары символы ретінде белгіленді. Сұлтан әл-Ашраф Каитбей тара-

пынан 1487 жылы Лоренцоға елшілігімен бірге өте көп көлемде сыйлықтар, атап айтқанда жүқа маталар, оның ішінде тақияға арналған муслин, шатыр, бальзам майы құйылған үлкен колба т.б. Сондай-ақ, дәрі-дәрмек пен хош иісті заттар, алоэ, жылқы, ешкілер мен қойлар және ең маңыздысы арыстан мен жирафтың болуы үлкен сенсация тудырды. Қаланың жоғары мәртебелі тұлғаларын жинаған Ұлы Лоренцо салтанатты рәсімге арналған перделер мен кілемдермен безендірілген Синьория Лоджиясында Елші Ибн Махфуз әл-Мағрибиді қабылдады, бұл кезде кездесу рәсімін тамашалау үшін алаңға көп адам жиналды.

Жоғарыда аталғандай, арадан бірер жыл өткен соң 1489 жылы Лоренцо елшілігі Каирге келді. Флоренциялық елшілер зор қошеметпен қарсы алынды. Делегация Мәмлүк еліне келгенде сұлтан әл-Ашраф Каитбей құшақ жая қарсы алды, елшілер әл-Ашраф Қайтбейге алтын жібек пен барқытты сыйға тартып, піл сүйегімен көмкерілген төсек-орын сыйға тартты. Александрия билеушісі мен бас хатшыға маталармен бірге сүйекпен көмкерілген үстел мен сандық ұсынылды.

Бұл кезде екі мемлекеттің халықаралық стратегиясы әр түрлі еді. Бұл кезде Лоренцо әлемдік сауда сахнасындағы рөлін арттыруға ұмтылса, Осман империясының күшейіп келе жатқанына алаңдаған әл-Ашраф Каитбей Еуропамен дипломатияны күшейтуге ұмтылды. 1496 жылы Мәмлүк сұлтандығы мен Флоренция арасында сауда келісіміне қол қойылды, содан кейін үш жылдан кейін тағы бір ауқымды келісім жасалды. (Doris Behrens-Abouseif, 2014: 113-114). Сұлтан әл-Ашраф Каитбей 1496 жылы қайтыс болғаннан кейін ел арасындағы қарым-қатынастар. Мәмлүк сұлтандығы мен Флоренция республикасы арасындағы қатынастар өзінің жалғасын тауып отырды.

Мәмлүктер мен итальяндар арасындағы, оның ішінде флоренциялықтармен, генуялықтармен байланыстар туралы мәліметтер Флоренция мен Пизада сақталған. Бұл туралы XIX ғасырда өмір сүрген тарихшы Амаридің берген мәліметтері дәлел бола алады. Осы және өзге де мәліметтермен шұғылданған тарихшы Джон Уансбро мұндай мәліметтердің бар екенін нақтылай түседі. Сонымен қатар ол мәмлүк сұлтаны Кансух аль-Гаури тарапынан 1507 жылы Флоренцияға жөнелткен грамотасын тапты. Бұдан тыс, Флоренцияның Biblioteca Mediceo-Laurenziana кітапханасынан мәмлүктердің келісімдері туралы құжаттарға қол жеткізді. Табыл-

ған құжаттар 1489-1497 жылдарға сәйкес келеді (Wansbrough, 1965:485-490).

Қарым-қатынастар Сұлтан Кансух аль-Гаури тұсында да жақсы үйлесімділік жағдайында жалғасты. Сұлтан әл-Ашраф Каитбейден соң билікте басқарушылар ұзақ уақыт тұрақтай алмады. Кансух аль-Гаури тұрақты билеуші болып оның кезінде сыртқы байланыстар өз дамуын жалғастырды. Соның бірі флоренциялықтармен жүргізілген байланыстар болды. 1506 жылы Флоренция елшілігі Каирге келіп, өз саудагерлері үшін қосымша кепілдіктер мен жаңа келісімшарттар жасауды сұрады. Сонымен бірге ол дәмдеуіштердің тапшылығы мен нарықтағы қымбатшылығына алаңдаушылық білдірді. Сондықтан, сұлтан Кансух аль-Гаури оларға дәмдеуіштердің өз елдеріне үнемі жеткізілетініне сендірді және сұлтандық аумағында флоренциялықтардың мүдделерін қорғау үшін жаңа жарлық шығарды (Ghassan, 2011:134). сонымен қатар басқа консулдықтарды ашуға рұқсат берді. Сұлтан сонымен қатар алтын флоринді айырбас валютасы ретінде ресми түрде мойындады. 1508 жылы ол флоренциялық көпестерге өз мемлекетінің барлық порттарына кіруге рұқсат беретін жарлық шығарды. Келесі жылы флоренциялықтар олардың өтініші бойынша өздерінің тұрақты консулдығымен Александрияда сауда қызметін жүргізуді қарастыратын тағы бір келісім жасады (Ghassan, 2011:135).

Архив құжаттары мен кітапханалардағы сирек қорлардың көрсеткен мәліметтері бойынша Флоренция Республикасы мен Мәмлүк сұлтандығы арасындағы қарым-қатынастың шамамен бір ғасырға созылғанын көрсетеді. Мемлекеттер арасында тұрақты түрде елшілер алмасып, шамамен он жылда бір рет елшілер сауда және саяси байланыстар бойынша қолданыстағы келісімдерді жаңарту немесе өзгерту үшін жіберіліп отырды. Бұл фактілер өз кезегінде елшілік қатынастарды дамытып, ол ортағасырлық дипломатияның бір бөлшегі саналды. Бұл ережелер коммерциялық трафиктің белгілі бір заңдылығына мүмкіндік берді, оның дәлелі Венецияның мемлекеттік мұрағатында сақталған. нотариаттық іс-әрекеттермен сипатталып, онда Александрия мен Дамаск сияқты қалаларда жұмыс істеген флоренциялық азаматтардың аты-жөні көрсетілген. Венециандық нотариалдық тізімдер осы мәселе бойынша талқыланған құжаттардағы ережелерді зерттеу бойынша құнды дерек болып табылады.

Алессандро Риццоның көрсетуі бойынша Флоренцияның мәмлүктік Мысыр және Сирия-

мен саудасының көлемін Венеция Республикасы немесе Арагон тәжі сияқты басқа державалармен ешқашан салыстыруға болмайды (Rizzo, 2021a:10). Дегенмен, мемлекетаралық байланыстар Флоренцияға Мәмлүк державасымен текіретестер мен қақтығыстарды болдырмауға үлкен мүмкіндік берді және керісінше байланысты жақсартты. Бұл итальяндар мен Мәмлүк елінде сұлтандар билігінің соңғы жылдарына дейін бейбіт дипломатиялық және сауда қатынастарын сақтай алды.

Жоғарыда аталғандай, мәмлүктердің Папа аймағымен елшілік байланыстары ерекше саяси мәнге ие болып, ол халықаралық қатынастар аясында да жүзеге асты. Бұл тақырып орта ғасырларда Анадолыда билік құрып, Таяу Шығыста мәмлүктер мен басқа елдерге қарсы қарақшылық жұмыстарды жүзеге асырған Джем сұлтандығының әрекетімен байланысты еді. 1489 жылы венециялықтар мен мәмлүктердің сұранысы бойынша Рим Папасы Джемді қайтарды. Осылайша халықаралық деңгейде өте маңызды нәтижеге қол жеткізді. Бұл оқиға жақсы белгілі, бірақ оның геосаяси салдары аз сипатталған. Дегенмен бізге белгілісі Джем сұлтандығының билеушісі мәмлүктермен нашар қатынаста болып, теңіз және құрлық жолдарында көптеген саудагерлер мен дипломаттардың жолын кесіп отырған. Ал, бұл оқиға шын мәнінде Мысырдың халықаралық қатынастардың кең контекстіне қосылуына ықпал етті және Папа Иннокентий VIII мен Мәмлүк сұлтаны арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастарға оң ықпал етті (Oliva, 2018: 62).

Мәмлүк сұлтандығы және Венеция

Мәмлүк мемлекетінің сыртқы саясатында аса маңызды роль ойнаған келесі бір итальян мемлекеті – Венеция республикасы болды. Венеция теңіз мемлекеті орта ғасырлардағы қуатты мемлекет болып, ол Жерорта теңізі мен Шығыста көптеген аймақтарға үстемдік етті. Өзінің қуаты мен беделіне кәміл сенген венециандықтар теңізде еркін әрекет етті. Теңізде жүзу мен теңіз саудасында Венеция алдыңғы қатарда болды. 1250 жылы Мысырда мәмлүк әскері билікке келгеннен бастап Венеция мен Мәмлүк сұлтандығы арасында сауда-саттық және елшілік-дипломатиялық байланыстар орнатылып, ол 1517 жылы сұлтандық құлағанға дейін жалғасты.

Осы ғасырлар бойына Мысыр ежелгі Византия саудасының мұрагері саналған Венеция үшін маңызды бола бастады, ал мәмлүктер өз тарапынан ақырында венециялықтарды негізгі

сауда серіктестері ретінде қабылдады. Мәмлүк сұлтандығы мен Венеция арасындағы байланыстарды дәлелдейтін ең көне итальяндық құжаттар XIII ғасырға жатады. Бұл ерте мәмлүк сұлтандары мен Венеция арасындағы келісімдердің әртүрлі түрлеріне қатысты итальян тіліндегі және араб тілінде жазылған құжаттардың латын тіліндегі аудармалары. Венеция архивтерінде Венеция мен Мәмлүк мемлекеті арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастарды, сондай-ақ сауда және саяси келісімдерді растайтын құжаттар жеткілікті. Олардың арғыбасы XIII ғасырмен байланысты болса, бергісі XVI ғасырға жатады (Pedani, 1994:50-54).

Мәмлүктер Мысырда билікке келгелі бері өз саудаларын Батысқа қарай бұрған еді. Ал, олардың ішінде жүйелілігі мен байыптылығын жоғары бағалайтын және одан да маңыздысы оларды барлық тауарлармен қамтамасыз ете алатын венециялықтарға назар аударды (Jacoby, 2017:5-10). Мәмлүк мемлекеті алғаш құрылған кезден бастап оның сыртқы саясатында орын алған процестер бойынша мәліметтер аз болып, дегенмен оның Венециямен байланыстары туралы айтылады. Бұл туралы нақты мәліметтер бар. Оның нақты мысалы ретінде Мәмлүк мемлекетінің билеушісі мәлік Айбек аль-Муизз (1250-1257) тұсында жасалған өзара келісімді айтуға болады. 1254 жылы мәмлүктер мен венециялықтар арасында келісім жасалады. Бұл венециялық хроникаларды көрсетіліп, ол Мәмлүк сұлтандығы мен Венеция арасында қабылданған алғашқы құжаттардың бірі болды.

1258 жылы желтоқсан айында Айбек аль-Муизз венециандық елші Габриель Тревизский тарапынан жасалған ұсынысты қабылдады. Венециялықтар Таяу Шығыстағы саяси процестерде маңызды роль атқарды. Олар алғашқыда сауда істерімен айналысып, кейіннен саяси тақырыптарға ауыса бастады. Себебі, аймақтың географиясы мен халқы оларды қатты қызықтырды. Бұл кезде Италияның өзінде саяси бытыраңқылық жағдай орын алып, итальян мемлекеттері арасында қырқыс күшейді. Негізгі күрес гибеллиндер мен гвельфтер арасында жүрді. Бұл кезде Венеция Папа билігінің аймақтағы саясатын мойындап, ол тіпті қолдау білдірді. Венеция Рим папасының тартуымен Крест жорығына қатысып, Веронаның, Падуяның және Винченцаның сеньорларына қарсы шықты. Сондай-ақ Венеция мен Генуя арасында өзара тартыстар орын алды. Тіпті Таяу шығыста 1255-1256 жылдары Таяу Шығыста бұл екі мемлекет арасында соғыс қимылдары орын алды (Филиппов, 2021:299).

Мәмлүк мемлекетінің сыртқы саясат ымен оның тарихы бойынша ең маңызды құжаттар Венеция архиві мен кітапханасында сақталған. Мұндай құжаттар жинағы, сөзсіз, Мысыр мен Сирия тарихы үшін ең құнды материалдар қатарында саналады. Атап айтқанда, оның ішінде 20-ға жуық сауда ісі бойынша жасалған келісімдер құнды саналып, ол осы мемлекеттік архивте сақтаулы. Олардың көпшілігі латын немесе венециан тілдерінде жазылған болып, бұл хаттар Венецияға елшілер арқылы жіберілген кезде түпнұсқа құжаттар сипатында болды (Bauden, 2005:29-30). Бүкіл жинақты XIX ғасырда Тафель мен Томас басып шығарған еді. Бұл мәсле бойынша Джон Уонсбро айналысып, ол өзінің Ph.D диссертациясында бұл мәселені кеңінен көтерген. Мәмлүктер дәуіріндегі Мысыр мемлекетінде итальян мемлекеттері мен мәмлүктер арасындағы сауда қатынастарына арналған диссертацияда автор сауда қатынастарын сол заманның ең белсенді байланыстарының бір бағыты ретінде суреттейді (Wansbrough, 1961: 5-12).

XV ғасырдың екінші жартысынан бастап Венеция мен Мәмлүктер арасындағы сауда қатынастарының ерекшелігінен туған негізгі жағдай өзгеше суреттеліп, ол соңғысының біріншісіне тәуелділігін тудырды. Келесі бір қырынан алғанда, Мәмлүк мемлекетімен Венеция арасында 20-ға жуық коммерциялық келісімдер ғана сақтаулы деп шектеуге де болмайды. Себебі, сауда қатынастарымен қатар елшілік және саяси мәселелердің де қозғалғаны анық, тіпті ол жөнінде мәліметтердің бар екенін айғақтайтын материалдар бар. Бұл туралы Венеция университетінің профессоры Мария Педани мемлекетаралық байланыстарға қатысты 15 шақты араб тіліндегі қабылданған құжаттардың бар екенін жазады. М. Педани Венеция архивінде ұзақ жылдар жұмыс істеп, онда мәмлүктер мен венециялықтардың байланысына қатысты осындай мәліметтер келтіреді. Бұған қарай отырып, мемлекеттер арасындағы сауда және елшілік қарым-қатынастардың белгілі бір деңгейде жүргізілгеніне куә бола аламыз (Pedani, 1996:218-221).

Осылайша, әр жылдарда жүргізілген зерттеулер Венеция архиві мен кітапханалардан жаңа материалдардың куәсі болуда. Солардың келесі бір мысалы ретінде 1490 жылы орын алған елшілік сапардың барысы мен нәтижесі туралы айтуға болады. 1490 жылы Мәмлүк сұлтанына жіберілген елшілікке қатысты Венециялық жаңа құжаттар ашылып, ол мемлекетаралық байланысты дәлелдеуге мүмкіндік берді. Бұл кү-

жат тек мемлекетаралық байланыс үшін ғана маңызды емес, сондай-ақ ол аймақтағы саяси ахуал жайлы мәліметтер береді (Rossi, 1988: 7-15). Сонымен қатар, дәл осы секілді маңызды мәліметтердің бірі – тарихшы Бенджамин Арбель тарапынан Марсиана кітапханасында сақталған қолжазбалар қорынан 1473 жылы Солтүстік Сириядағы экспедициялық жасақты басқарған Давадардың Венеция билігіне жолдаған хатының итальян тіліндегі аудармасының көшірмесін тапты (Arbel, 1992: 93-95). 62 Бұл құжат мемлекеттік шенеуніктер арасында ресми хат алмасудың жүргізілгенін көрсетеді.

Жоғарыда аталғандай мәмлүктер мен венециялықтардың қарым-қатынастарындағы ең басты бағыт ол сауда қатынастары еді. Венециялықтар мәмлүктерге ыдыстар, металл бұйымдар мен қолданысқа қажетті бұйымдардың барлығын дерлік саудалады. Мәмлүктер болса негізінен ауыл шаруашылық заттары мен дәмдеуштер және жемістерді саудаға салды. Басты тауарлар азық-түлік өнімдері болды. мәмлүктер флоренциялық билеушілерге жөнелткендей, венециялық билеушілерге де әр түрлі бағалы сыйлықтар жөнелтіп отырды. Венециямен мәмлүктердің сыйлық алмасуы олардың еуропалық дипломатиядағы ең маңызды факторларының бірі болды. Мәмлүктердің Венецияға берген сыйлықтары негізінен фарфордан, дәмдеуштерден, хош иісті заттардан және тоқыма бұйымдарынан тұратын стандартты композицияға ие болды (Diplomatarium, 2010:373-378).

1442 жылы мәмлүк сұлтаны аз-Захир Сайф ад-Дин Жакмак венециялық дож (билеуші) Франческо Фоскариге сыйлығы 30 дана фарфордан, терьяк пен бальзам майы құйылған колбадан тұрды. 1461 жылы Мәмлүк сұлтаны әл-Муайяд Ахмад немесе Хушкадам 20 данадан тұратын осындай сыйлықтардың келесі бір бөлігін жіберді. Қытай фарфоры мен басқа да ыдыстар мен жібек мата жөнелту венециялықтар мен мәмлүктердің арасындағы ең басты факторлардың бірі саналды. Мұндай үрдістер сұлтан әл-Ашраф Қайтбей тұсында да жалғасын тапты. 1473 жылы әл-Ашраф Қайтбей хатқа қоса берілген тізімде көрсетілгендей дож Николоға 20 фарфор ыдыс, 5 дана муслин, 2 ыдыс қант, 15 алоэ жөнелтті. (Doris Behrens-Abouseif, 2014: 107-108).

1499 жылы екі жылдан аз уақыт патшалық құрған Сұлтан әл-Захир Қансух жіберген сыйлыққа күміс алтындатылған ер-тұрман, күмістен жасалған тағы бір қызыл барқыт ер-тұрман, ат жамылғысы (coverta de cuerpo) және жібек алтын берілген. Билеушілерге жеке дайындалған

сыйлықтар мен тарту-таралғылар үлкен құрметтің бірі болды.

Венециялықтардың да бұған деген жауабы өте оңды еді. Мемлекетаралық жасалған ресми келісімдер мен олардың заңды күшіне және екі тараптың билеушілерінің саудагерлер мен елшілерге көрсеткен ерекше ықыласына байланысты тартыстар болған емес. Мәмлүк билігі әрқашан венециялықтарды келісілгеннен артық тауарларды, оның ішінде әсіресе дәмдеушітерді сатуға тырысып отырды. Бұл жағдай біріншіден тауардың көп өтуіне және саудагерлердің ризашылығына ықпал етті. Дегенмен, кереғар немесе қарама-қарсы жағдайлар да орын алып отырды. Басты мысал, тауарлардың бағасының өсуі болды және венециялық көпестерді отандастарының қарыздарын төлеуден босатқан ереже жиі бұзылды.

Осындай мәселелерді реттеп отыру үшін үздіксіз елшілер жіберіліп, олар мәмлүк астанасында ұзақ қалып жұмыс істеді. Бұл үрдіс XV ғасырдың екінші жартысында көптеп орын алды. Мысалы, 1460-1492 жылдар аралығында мұндай елшілердің саны тоғыз болды (Pedani, 1994:56-57). Бұл елшілер Мәмлүк елінде болып екі мемлекеттің сауда баланстарын тиісті заңдар бойынша реттеп отырды. Елшілердің үздіксіз келуі екі мемлекеттің байланыстарының жоғары деңгейде болғанын көрсетеді. Бұл үрдіс XVI ғасырда да жалғасып, ол 1517 жылы Мәмлүкі сұлтандығы құлағанға дейін мемлекетаралық байланыстар жүргізіліп отырды.

XVI ғасырда Мәмлүк еліне тағы төрт рет венециялық елшілік келді. Олар: 1503 жылы Бенедетто Санудо, 1504 жылы Бернардино Джоова, 1511 жылы Доменико Тревизан және 1515-1516 жылдары Томмазо Венье. Алайда, осы соңғы төрт елшілікке қатысты әдеттегі коммерциялық және таза саяси, дәлірек айтқанда геосаяси сипаттағы мәселелерге тағы бір мәселе қосылды, ол Үнді мұхиты суларында португалдардың пайда болуы мен олардың аймақтағы геосаяси жағдайды бұзу болды (Giorgio, 1982:15-19).

Осылайша, мәмлүктердің Венециямен дипломатиялық байланыстары өз кезегінде тек тікелей байланыстарда ғана емес, халықаралық қатынастарда да өзінің септігін тигізіп отырды. XV ғасырдың аяғында Еуропа мемлекеттері мен Мәмлүк сұлтандығы арасындағы саяси және әскери қақтығыстар орын алғанда және қалыптасқан сауда баланстарына өзгеріс болып оған еуропалықтар елеулі қауіп төндіре бастағанда бұл іске Венецияның араласуы мемлекетаралық дипломатияны күшейтті. Атап айтқанда, Васко

да Гаманың 1497 жылы Үндістанға бара жатқанда Үміт мүйісі жағалауын айналып өткені туралы хабар мәмлүктерді ерекше таң қалдырды. Көп ұзамай, 1502 жылы португалдар мәмлүк саудагерлері мен тауарларын тасымалдайтын Үнді мұхитының жеті сауда кемесіне шабуыл жасап, Малабар жағалауында бекіністер құра бастады. Бұл жағдай мәмлүктерді ашуға булықтырды және аталған оқиғалар венециялықтар үшін де жағымсыз жаңалық болды.

Үнді мұхиты мен Қызыл теңізде португалдықтардың пайда болуы және олардың мәмлүктердің кемелеріне шабуылдары мәмлүктерге қауіп төндірді. Дәмдеуіштер саудасына Португалияның араласуы Венецияның Еуропаның халықаралық саудасындағы рөлі мен үстемдігінің болашағы туралы алаңдатты. Бұл кезде мәмлүктерді француздар да әбігерге салды. Француздар мәмлүктермен өзара қарым-қатынаста болуға тырысты. Португалдарда өз кезегінде мәмлүктерді бақылауға алғысы келді.

Дегенмен, мәмлүктерді өз уысынан шығармауға тырысқан венециялықтар оларды еуропалықтардан алыс ұстауға тырысты. Мәмлүк жерінде және Мысырда теңіз жағалауында үстемдікті қалпына келтіруге тырысқан венециялықтар француздармен бәсекелесе отырып, мамлюк сарайымен дипломатиялық байланыстарын нығайтуға мәжбүр болды. Венеция елшісі Доменико Тревизан 1512 жылы француз елшілігімен бір уақытта келді (Pedani, 1994:59-60). Бұл кезде венециялық билеушілер өздерінің Жерорта теңізі жағалауы мен ондағы аймақтар үшін қауіп төнеді деген қауіпте болды. Елші Доменико Тревизан мәмлүк билеушілерімен нәтижелі келіссөздер жүргізе алды. Екі апталық келіссөздерден кейін келісімге қол жеткізілді. 64 Венециялықтар сұлтан қоймаларынан сатып алу керек болған кәдімгі 210 қап бұрыштың 1507 жылы келісілген бір қап үшін 80 дукат бағасымен қалуын қамтамасыз етті (Pedani, 1994:62-64).

Венеция мемлекетте сыртқы сауда мен экономиканы басқаратын және бақылайтын жоғары коммерциялық ұйымының арқасында барлық бәсекелестікте жеңіске жетіп, Левантпен сауда жасайтын христиан халықтарының арасында үстемдікке қол жеткізді. Венеция сыртқы сауда мен саяси байланыстарда әрқашан тек дипломатиялық деңгейде әрекет етіп, ортақ мүдделер логикасын ұстанды және өзімен байланысқан елдерге кез келген уақытта оң көзқараспен қарап, әлсіз халықтарға зорлық-зомбылық көрсетуден аулақ болды. Венеция генуялықтарға, прованстарға және ең алдымен басқа да итальян мемле-

кеттеріне қарағанда, аймақтағы экономикалық мүдделері бар елдердің арасында ешқашан мәмлүктермен әскери қақтығыстар көрмеген жалғыз италияндық мемлекет болды. Венецияның Мысырмен сауда байланысын сақтап қалуға деген қамқорлығы мәмлүк экономикасының, ең алдымен сұлтан қаржысының еуропалықтармен саудаға тәуелді екенін көрсетеді.

Венеция республикасы мен Мәмлүк мемлекетінің өзара сауда-саттық және елшілік-дипломатиялық байланыстар тарихындағы ең соңғы келісім 1515 жылы қараша айында Александрияда Венецияның консулы болған Сэр Томмазо Венниер кейбір коммерциялық мәселелерді талқылау мақсатында Каирге барған кезінде орын алды. Келіссөздің барысы сауда істері мен өзара қарым-қатынастардың перспективасын талқылауда венециялық көпестерге бұрын берілген артықшылықтарды, сондай-ақ сұлтанның венециялықтарға жасаған басқа да жеңілдіктерін жарнатумен аяқталды (Gladys, 2019: 765-768).

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Мәмлүк сұлтандығы Дамыған орта ғасырларда, яғни өзінің өмір сүрген кезеңінде италиян мемлекеттерінен Флоренция және Венециямен тығыз қарым қатынастар орната білді. Сонымен қатар, мәмлүктер Генуя, Папа аймағы және басқа да италиян мемлекеттерімен аз көлемде болса да байланыстар жүр-

гізген. Мәмлүк мемлекетімен байланыс жасауда әрбір италиян мемлекетінің ұстанымы болды. Атап айтқанда флоренциялық көпестер мәмлүктермен ерекше қарым-қатынаста болды, себебі олар үшін саяси мәселелерден қарағанда сауда қатынастары маңызды болды. Венециялықтар үшін де негізінен сауда-саттық байланыстары маңызды болғанымен, Венеция билігі саяси мүдделерді де алға шығарып отырды.

Зерттеу жұмысының басты қорытындыларының бірі – Мәмлүк мемлекеті мен италиян республикалары арасында орын алған елшілік және саяси байланыстар ортағасырлық еуропалық дипломатияның үлкен бір бөлігі саналды. Италияндық елшілер Мәмлүк сұлтандарының назарын өзіне аудара алды. Ол үшін шығыстық менталитет пен мәдениетті игерген италияндық дипломаттар мен тиісінше еуропалық тілдерді меңгерген мәмлүк елшілері бұл мәселеде қызмет етті. Ең негізгісі, италияндықтар мен мәмлүктер арасындағы байланыстардан бөлек сыртқы қатынастарда Таяу Шығыста белсенділік танытқан мәмлүктер басқа еуропалықтардың да назарын өзіне аударып, ерекше ынтымақтастықтың үлгісін көрсетті.

Ғылыми мақала, ИРН BR24993132 – «Ватиканның және Батыс Еуропа елдерінің жаңа құнды материалдары бойынша Түркі әлемінің ерте және ортағасырлық тарихы мен мәдениеті» атты бағдарламаның есебінен жарияланды

Әдебиеттер

- Bauden Frédéric. (2002-2003). The Mamluk Documents of the Venetian State Archives: // Quaderni di Studi Arabi, Vol. 20/21, P. 147-156
- Bauden, Frédéric (2005). Mamluk Era Documentary Studies: The State of the Art. // Mamluk Studies Review, Vol.9, №1, – P. 15-60
- Benjamin Arbel. (1992). “Levantine Power Struggles in an Unpublished Mamluk Letter of 877 AH/1473. CE,” // Mediterranean Historical Review. №7. P. 92-100.
- Brizzi, Gian Paolo (1975) ‘Canonici Filippo’, in Dizionario Biografico degli Italiani. // Enciclopedia Treccani, Roma. P. 166-167.
- Diplomatarium Veneto-Levantinum Sive Acta Et Diplomata Res Venetas, Graecas Atque Levantis Illustrantia, I-II, ed. Georg Martin Thomas. Charleston: BiblioBazaar, 2010 – 406
- Doris Behrens-Abouseif. (2014). Practising Diplomacy in the Mamluk Sultanate: Gifts and Material Culture in the Medieval Islamic World. XXI, – London and New York: IB Tauris, – 242 p.
- Franco Rossi. Ambasciata straordinaria al sultano d’Egitto (1489-1490), ed. Franco Rossi, Fonti per la storia di Venezia. Venezia: Il Comitato editore. 1988. 377 p.
- Giorgio Silvini. (1982). Venezia e Portogallo sulla via delle spezie (1498 -1517), Treviso, Tipografia Editrice Trevigiana, – 268 p.
- Gladys Frantz-Murphy. (2019). Negotiating the Last Mamluk-Venetian Commercial Decree (922-923/1516-1517): Commercial Liability from the Sixth/Twelfth to the Early Tenth/Sixteenth Century. // Mamluk Cairo, a Crossroads for Embassies. P. 741-781
- Jacoby D. (2017). Western Commercial and Colonial Expansion in the Eastern Mediterranean and the Black Sea in the Late Middle Ages, in G. Ortalli-A. Sopracasa (ed.) // Rapporti mediterranei, pratiche documentarie, presenze veneziane: le reti economiche e culturali (XIV-XVI sec.), Venezia. P.3-49.
- John Wansbrough. (1963). “A Mamluk Ambassador to Venice in 913/1507,” // BSOAS №26. P. 503-530

- John Wansbrough, (1965). "Venice and Florence in the Mamluk Commercial Privileges," // BSOAS №28 P.483-523.
- John Wansbrough, "Documents for the History of Commercial Relations between Egypt and Venice, 1442-1512," // Ph.D. diss., University of London, 1961. – 503 p.
- Malika Dekkiche. (2023). New diplomatic history and Mamluk studies: challenges and possibilities. // *Cesura*. P. 133-166
- Marco Miotto. (2022). Mercanti veneziani in Egitto e in Siria in epoca mamelucca (XIII-XVI secolo). Il quadro storico, giuridico e diplomatico. // *Νομικά Πολύπτυχα* №1. P. 105-132
- Miotto M. (2011). Le navi del Soldano e le speranze di Venezia. Le spedizioni navali dei mamelucchi contro i portoghesi nell'Oceano Indiano (1507-9, 1516) nel Kitāb badā'i' az-zuhūr fī waqā'i' ad-duhūr di Ibn Iyās e nei Diarii di Marin Sanudo. // *History Studies* 3/2, P. 301-320.
- Oliva, Anna Maria. (2018). Il sultanato mamelucco d'Egitto e Siria e la Curia pontificia negli anni di Innocenzo VIII. Prime ricerche. // *RiMe Rivista dell'Istituto di Storia dell'Europa Mediterranea* №3. Vol.18.– P. 45-77
- Patrizia Meli. (2009). Firenze di fronte al mondo islamico. Documenti su due ambasciate (1487-1489) // *Annali di Storia di Firenze*, IV, P. 243-273.
- Pedani Maria Pia Fabris. (2002). The Mamluk documents of the Venetian state archives: historical survey // *Quaderni Di Studi Arabi*. Vol. 20/21. P. 133-146.
- Pedani Maria Pia Fabris, (1996). "The Oath of a Venetian Consul in Egypt (1284)," // *Quaderni di Studi Arabi* №14. P. 215-222.
- Pedani Maria Pia Fabris. (1994). Gli ultimi accordi tra i sultani mamelucchi d'Egitto e la Repubblica di Venezia, // *Quaderni di Studi Arabi*. Vol.12 P. 49-64.
- Peter Malcolm Holt. (1995). *Early Mamluk Diplomacy, 1260-1290: Treaties of Baybars and Qalāwūn with Christian Rulers*. BRILL, – 161 p.
- Rizzo Alessandro. (2021a). Firenze e il sultanato mamelucco: le fonti diplomatiche, // "Il Monitore della Toscana" №34, P. 5-10.
- Rizzo Alessandro. (2021b). Reassessing the Significance of Archival Material in Mamluk Diplomatic Studies. A Survey of Florentine-Mamluk Relations through the Lens of Chancery Sources (fifteenth-sixteenth centuries), // "Mamluk Studies Review" №24. P. 235-254.
- Rizzo Alessandro. (2021c). Istruire su parole e gesti della diplomazia: le istruzioni agli ambasciatori della Corona d'Aragona, Venezia e Firenze al sultanato mamelucco (1250-1517), // *Anuario de Estudios Medievales*, №51/2, P. 823-850
- Rizzo, Alessandro. (2017). *Le Lys et le Lion, Diplomatie et échanges entre Florence et le sultanat mamelouk (début XVe-début XVIe s.)*, Liège – Université de Liège – Université d'Aix-Marseille (tesi di dottorato). – 560 p.
- Sayaf, Ghassan. (2011). *Politica, economia e società nel periodo di Qānsū al-Gūrī ultimo sultano dei Mamelucchi (1501-1516)*, Tesi dottorale, Scuola di Dottorato di ricerca in Lingue, Culture e Civiltà indirizzo Studi sul Vicino Oriente e sull'Asia meridionale, (2010/2011). – 190 p.
- Близнюк С.В. (2007). Дипломатические отношения Кипра и Генуи 1375-1480 гг. по данным генуэзских юридических документов: *ASG, Diversorum Communis Janue // Византийский временник*. № 66 (91). – С. 208-222.
- Филиппов, А.А. (2021). Становление государства мамлюков в Египте во второй половине XIII века / А. Филиппов. – Минск: ИВЦ Минфина, – 352 с.

References

- Bauden Frédéric. (2002-2003). The Mamluk Documents of the Venetian State Archives: // *Quaderni di Studi Arabi*, Vol. 20/21, P. 147-156
- Bauden, Frédéric (2005). Mamluk Era Documentary Studies: The State of the Art. // *Mamluk Studies Review*, Vol.9, №1, – P. 15-60
- Benjamin Arbel. (1992). "Levantine Power Struggles in an Unpublished Mamluk Letter of 877 AH/1473. CE," // *Mediterranean Historical Review*. №7. P. 92-100.
- Brizzi, Gian Paolo (1975) 'Canonici Filippo', in *Dizionario Biografico degli Italiani*. // *Enciclopedia Treccani*, Roma. P. 166-167.
- Diplomatarium Veneto-Levantinum Sive Acta Et Diplomata Res Venetas, Graecas Atque Levantis Illustrantia*, I-II, 2010. ed. Georg Martin Thomas. Charleston: BiblioBazaar, – 406 p.
- Doris Behrens-Abouseif. (2014). *Practising Diplomacy in the Mamluk Sultanate: Gifts and Material Culture in the Medieval Islamic World*. XXI, – London and New York: IB Tauris, – 242 p.
- Franco Rossi. *Ambasciata straordinaria al sultano d'Egitto (1489-1490)*, ed. Franco Rossi, *Fonti per la storia di Venezia*. Venezia: Il Comitato editore.1988. 377 p.
- Giorgio Silvini. (1982). *Venezia e Portogallo sulla via delle spezie (1498 -1517)*, Treviso, Tipografia Editrice Trevigiana, – 268 p.
- Gladys Frantz-Murphy. (2019). *Negotiating the Last Mamluk-Venetian Commercial Decree (922-923/1516-1517): Commercial Liability from the Sixth/Twelfth to the Early Tenth/Sixteenth Century*. // *Mamluk Cairo, a Crossroads for Embassies*. P. 741-781
- Jacoby D. (2017). *Western Commercial and Colonial Expansion in the Eastern Mediterranean and the Black Sea in the Late Middle Ages*, in G. Ortalli-A. Sopracasa (ed.) // *Rapporti mediterranei, pratiche documentarie, presenze veneziane: le reti economiche e culturali (XIV-XVI sec.)*, Venezia. P.3-49.
- John Wansbrough. (1963). "A Mamluk Ambassador to Venice in 913/1507," // BSOAS №26. P. 503-530
- John Wansbrough, (1965). "Venice and Florence in the Mamluk Commercial Privileges," // BSOAS №28 P.483-523.

- John Wansbrough (1961) "Documents for the History of Commercial Relations between Egypt and Venice, 1442-1512," // Ph.D. diss., 57, University of London. – 503 p
- Malika Dekkiche. (2023). New diplomatic history and Mamluk studies: challenges and possibilities. // *Cesura*. P. 133-166
- Marco Miotto. (2022). Mercanti veneziani in Egitto e in Siria in epoca mamelucca (XIII-XVI secolo). Il quadro storico, giuridico e diplomatico. // *Νομικά Πολύπτυχα* №1. P. 105-132
- Miotto M. (2011). Le navi del Soldano e le speranze di Venezia. Le spedizioni navali dei mamelucchi contro i portoghesi nell'Oceano Indiano (1507-9, 1516) nel Kitāb badā'i' az-zuhūr fī waqā'i' ad-duhūr di Ibn Iyās e nei Diarii di Marin Sanudo. // *History Studies* 3/2, P. 301-320.
- Oliva, Anna Maria. (2018). Il sultanato mamelucco d'Egitto e Siria e la Curia pontificia negli anni di Innocenzo VIII. Prime ricerche. // *RiMe Rivista dell'Istituto di Storia dell'Europa Mediterranea* №3. Vol.18. – P. 45-77
- Patrizia Meli. (2009). Firenze di fronte al mondo islamico. Documenti su due ambasciate (1487-1489) // *Annali di Storia di Firenze*, IV, P. 243-273.
- Pedani Maria Pia Fabris. (2002). The Mamluk documents of the Venetian state archives: historical survey // *Quaderni Di Studi Arabi*. Vol. 20/21. P. 133-146.
- Pedani Maria Pia Fabris, (1996). "The Oath of a Venetian Consul in Egypt (1284)," // *Quaderni di Studi Arabi* №14. P. 215-222.
- Pedani Maria Pia Fabris. (1994). Gli ultimi accordi tra i sultani mamelucchi d'Egitto e la Repubblica di Venezia, // *Quaderni di Studi Arabi*. Vol.12. P. 49-64.
- Peter Malcolm Holt. (1995). *Early Mamluk Diplomacy, 1260-1290: Treaties of Baybars and Qalāwūn with Christian Rulers*. BRILL, – 161 p.
- Rizzo Alessandro. (2021a). Firenze e il sultanato mamelucco: le fonti diplomatiche, // "Il Monitore della Toscana" №34, P. 5-10.
- Rizzo Alessandro. (2021b). Reassessing the Significance of Archival Material in Mamluk Diplomatic Studies. A Survey of Florentine-Mamluk Relations through the Lens of Chancery Sources (fifteenth-sixteenth centuries), // "Mamluk Studies Review" №24. P. 235-254.
- Rizzo Alessandro. (2021c). Istruire su parole e gesti della diplomazia: le istruzioni agli ambasciatori della Corona d'Aragona, Venezia e Firenze al sultanato mamelucco (1250-1517), // *Anuario de Estudios Medievales*, №51/2, P. 823-850
- Rizzo, Alessandro. (2017). *Le Lys et le Lion, Diplomatie et échanges entre Florence et le sultanat mamelouk (début XVe-début XVIe s.)*, Liegi, Université de Liège – Université d'Aix-Marseille (tesi di dottorato). – 560 p.
- Sayaf, Ghassan. (2011). *Politica, economia e società nel periodo di Qānsū al-Gūrī ultimo sultano dei Mamelucchi (1501-1516)*, Tesi dottorale, Scuola di Dottorato di ricerca in Lingue, Culture e Civiltà indirizzo Studi sul Vicino Oriente e sull'Asia meridionale, (2010/2011). – 190 p.
- Bliznyuk S.V. (2007). *Diplomaticheskie otnosheniya Kipra i Genui 1375-1480 gg. po dannym genuezskikh yuridicheskikh dokumentov: ASG, Diversorum Communis Janue // Vizantijskij vremennik*. № 66 (91). – S. 208-222.
- Filippov, A.A. (2021). *Stanovlenie gosudarstva mamlyukov v Egipte vo vtoroj polovine XIII veka / A. Filippov*. – Minsk: IVC Minfina, – 352 s.

Автор туралы мәлімет:

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымының докторы, профессор, дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Алматы, Қазақстан.

Абдукадыров Нұржігіт Момынбекұлы – PhD, доцент, дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Алматы, Қазақстан. E-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

Сведения об авторах:

Жумагулов Калкман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, кафедра всемирной истории, историографии и источниковедения, КазНУ им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Абдукадыров Нуржигит Момынбекович – PhD, доцент, кафедра всемирной истории, историографии и источниковедения, КазНУ им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

Information about authors:

Zhumagulov Kalkaman – doctor of historical science, professor, department of world history, historiography and source studies, Al-Farabi Kazakh National University. Almaty, Kazakhstan

Abdukadyrov Nurzhigit – PhD, Associate Professor, department of world history, historiography and source studies, Al Farabi Kazakh National University. Almaty, Kazakhstan. E-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

Поступила: 20.10.2024

Принята: 30.11.2024